

8. Белов В. А., Бойцова В. В., Бойцова Л. В. Большой юридический словарь. — 2-е изд. перераб. и доп.
9. Нурсейтова Т. Какие религиозные организации запрещены в Казахстане // Сайт ZAKON.KZ // <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/5045992-spisok-religioznyh-organizatsiy.html>
10. Мироглов А. Кровавый вояж таразского фанатика — хроники террора в Казахстане // Сайт sputnik.kg // <https://ru.sputnik.kg/20181111/krovavyj-voyazh-tarazskogo-fanatika-kazahstan-1041941892.html>
11. Перечень зарубежных организаций, запрещенных в РК // https://egov.kz/cms/ru/articles/religion/zaprewennye_organizacii
12. Закон «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» от 26 декабря 2019 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000288>
13. Кодекс об административных правонарушениях Республики Казахстан от 5 июля 2014 года // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399&pos=5;-106#pos=5;-106
14. Juergensmeyer, Mark (2004). Terror in the Mind of God: The Global Rise of Religious Violence. University of California Press.

Иманбай А.А

*ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының магистранты,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы*

*(Ғылыми жетекші: А.И. Бирманова, Phd докторы, қауымдастырылған профессор
ҚарУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы)*

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Құқықтық мәдениет дегеніміз – өз мемлекетінің құқықтық жүйесін, негізгі заң нормаларын

білу, құқықтық нормаларды сақтауға мүдделі болу, заңға бағыну. Құқықтық мәдениеттің басты міндеті – құқықтық сауаттылықты қалыптастыру. Ол мыналардан тұрады: заң және құқықтық нормалардың бар болуы және оларды бұзудың заң алдында жауап беруге алып келетінін білу. Мұнда жалпы заң нормаларымен бірге кәсіптік заң нормаларын меңгеру және оларды сақтауға мүдделі болуына мән беру.

Жалпы оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің құқықтық мәдениетін қалып-тастырудың педагогикалық шарттарына байланысты мәселе кейінгі кезде жеткілікті дәрежеде көтерілмей, шешімін таппай келе жатқаны мәлім жайт.

Құқықтық білім жалпы мектептен бастап оқытылады және ондағы тәрбие жұмыстарында ескеріледі. Болашақ маман құқық нормалары туралы білімді және дағдыны алдымен отбасында, мектепте меңгерсе, жоғары оқу орнында олар жалпы құқық нормаларымен қоса кәсіптік құқық негіздерін меңгеруі тиіс. Қазіргі өмір, күнкөріс жағдайлардың өзі-ақ әр қадам сайын адамдарды құқық бұзуға итермелеп тұрады. Мысалы, біздің қоғамымызда байлыққа ұмтылу, қалайда ақша табу, заңсыз жолмен байлық жинау, қандай жолмен болса да өзін экономикалық қамтамасыз етуді көздеу секілді келеңсіздіктер көптеп кездеседі. Құқықтық тәрбиені педагог-ғалымдар құқықтық сана қалыптастырудан бастау керек деп есептейді (Макаренко А.С.) [1; 361].

Бүгінгі таңға дейін заңдық әдебиеттерде сана жеке тұлғаның құқықтық мәдениетін анықтайтын фактор ретінде қарастырылмады. Осыған байланысты біз тұлғаның құқықтық санасының қалыптасуына және оның құқық саласында өзін-өзі ұстауына және тұлғаның құқықтық мәдениетіне үлкен ықпал ететін сананың түрлеріне тоқталуды жөн көрдік.

Құқықтық мәдениет ең алдымен, ол тұлғаның қоғамдық-маңызды қызметті меңгеру деңгейі болып табылады. Мұндағы меңгеру сөзімен меңзегіміз келіп отырғаны, адамның бір нәрсені игеруі, игергенін түрлендіріп, қоғамдық тәжірибеде қолданғаны болып келеді.

Құқықтық мәдениет құқықты біліп, оның қажеттілігі мен әділеттілігіне сенумен шектелмейді. Ол сонымен қатар, нормативтік актіні интеллектуалдық деңгейде қабыл алып, оны сіңіруге эмоцияналдық тұрғыдан дайын болу болып табылады. Себебі, ол адамгершілік пен құқықтың тоғысқан тұсы. Біздің түсінігімізде, тұлғаның құқықтық мәдениеті – заңға деген құрмет пен сыни көзқараспен ұштасқан. Яки, заңның жалпы адамдық құндылықтар мен тұлғаның табиғи құқықтары, бостандығына қатысты қаншалықты әділ екендігіне сараптау жүргізуді меңзеп отырмыз.

Тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасуын шартты түрде екіге бөліп қарастырсақ болады – қалыптасу кезеңі және тұрақты құқықтық мәдениет кезеңі. Бұл кезеңдер бір-бірінен сандық және сапалық тұрғыдан ерекшеленеді.

Тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасу кезеңі құқықтық мәдениеттің қалыптасуының алғашқы сатысы болып саналады. Бұл кезең баяу жүреді, себебі бұл кезеңде құқықтық мәдениеттің қалыптасуының объективті және субъективті алғышарттары жиналады. Олардың маңыздыларының бірі – берілген қоғамдағы өмірдің әлеуметтік-экономикалық шарттары, заң шығарудың сапалы тұрмысы, сонымен қатар, адамдардың мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға саналы немесе керісінше көзқарасы.

Дәл осы тұлғаның құқықтық қалыптасу кезеңінде ұлттық менталитетке бекіген, ғасырлар бойғы дәстүрлерді сіңірген жалпы құқықтық мәдениетті абсорбациялау басталады. Мемлекетте құқықты жасау мен құқықты қамтамасыз етуді қоса алғандағы, құқықтық тетіктер тиімді әрекет етуі үшін жалпы құқықтық мәдениетті жекелеген тұлғалар бойына сіңіру процесі жүруі қажет. Тұрақты құқықтық мәдениет кезеңіндегі тұлға өзінің әлеуметтік-құқықтық қасиетімен құқықтық реттеу саласында белсенді қызмет атқара алады.

Тұлғаның құқықтық тұрғыдан сипатқа ие әрекет арқылы ғана құқықтық мәдениет жайында сөз қозғауға болмайды. Бұл деңгейді анықтау үшін тек әрекет емес, оның әлеуметтік-психологиялық интеллектуалдық аспектілері болып табылатын сұраныс, қондырылым, мақсат, себеп, ерік те керек. Себебі сырттай бірдей болып көрінетін құқықтық әрекеттер түрлі себептер, мақсаттар негізінде туындауы мүмкін. Құқықтың санада көрініс табуына, құқықтық нормаларды бағалауға қатысты, тұлғаның құқық саласында белсенділігіне байланысты тұлғаның құқықтық мәдениетін төмен, орташа, жоғары деп бағалаймыз. Мұндай шектеу тек теориялық емес, қолданбалы мағынаға да ие. Себебі бұл тұлғаның құқықтық дамуының деңгейіне байланысты оны мазмұны, тереңдігі бойынша, индивидуалды тәуелділігіне байланысты анықтап бере алады.

Төменгі деңгей индивидуалды құқықтық мәдениеттің бағалаушы, танымдық, іс-әрекеттік элементтерінің дұрыс дамымағандығын көрсетеді. Бұл көбіне құқық нормаларын мәжбүрлі түрде орындау, құқықтық сана мен белсенді құқық тәжірибелерін жетік меңгермеуден, азаматтық мәселелерге немқұрайлы қарау, іске формалды түрде қараудан көрініс табады. Құқықтық мәдениеттің төменгі деңгейін сипаттайтын тағы бір фактор конформистік әрекет болып табылады, яки өз іс-әрекетін айналадағы адамдардың сөзі мен ісіне икемдеу. Заңды бұзудың себебіне қатысты сараптама нәтижесі бойынша көбіне заңды бұзуға құқықтық мәдениеттің деңгейінің төмен болуы әсер етеді екен.

Құқықтық мәдениеттің орташа деңгейі тұлға іс-әрекетінің құқық нормаларына сәйкес келетіндігін және мұндай әрекеттің қажеттілігі мен құндылығын түсінетіндігін және әдеттегі әрекеттерді орындап жүргендігін көрсетеді. Бұл жағдайда интеллектуалдық аспект басым болады, яки тұлға саналы түрде бұл құндылықтардың маңыздылығын, мақсаттылығын түсіне отырып, құқықтық салада әлеуметтік-белсенді шығармашылық қызмет көрсетпейді. Өйткені тұлға бұл жағдайда құқықтық жазбаларды автоматты түрде орындайды. Құқықтық мәдениеттің орташа деңгейінің көрсеткіші ретінде тұлғаның құқықтық жазбаларды тұрақты түрде, аса бір ой жүгіртпестен, әдет бойынша орындауын айта аламыз. Мұндай әрекетте активті позитивті құқықтық әрекет орын алмайды. Әрі оған қашанда үлкен мақсаттарды

бағындыру, демократияны кеңейту және жетілдіру, заңдылықты және құқықтық тәртіпті бекіту секілді мәселелер тән бола бермейді [2;36].

Құқықтық мәдениеттің жоғарғы деңгейіне жету деген сөз тұлғаның саяси және құқықтық санасының жетілгендігін құқықтық білімнің жоғарғы деңгейін бағындырғандығын білдіреді. Мұндай білім тұлғаға құқық нормаларын сөзсіз құрметтеп қана қоймай, оны сынауға, оған шығармашылық тұрғыда қарауға мүмкіндік береді. Бұл деңгейдің ең басты белгісімен көрсеткіші - құқықтық нормаларды сақтауда, орындауда, қолдануда жоғарғы әлеуметтік белсенділік көрсету, қоғамға позитивті әсер беретін өзінің құқықтық мәдениетін одан әрі дамыта түсу. Жоғарғы құқықтық мәдениет сәйкесінше жоғарғы құқықтық әрекетті әлеуметтік құқықтық белсенділікті талап етеді. Мұндай жағдайда тұлға құқықтық реттеу және құқықты іске асыру салаларында саналы белсенді әрекеттерге, шығармашылық іс-әрекеттерге жақын болады. Екіншіден, тұлға заңға бағыну барысында, кез келген іс-әрекетінде оған ең жоғарғы құндылық ретінде қарап, қатынас жасайды.

Құқықтық белсенділікті құқыққа сай әрекет етуден айыра білу қажет. Кез келген құқыққа сай әрекетті біз құқықтық белсенділік көрсету деп атай алмаймыз. Мұнда шектеу шарттары ретінде біз мақсат, оған жету құралдары және құқықтық саладағы оның қоғамдық деңгейде маңызды нәтижесін ала аламыз. Жауапты бір тұлғаның өз ісін орындағандығын да бұл қатарға жатқыза алмаймыз. Өйткені бұл қызметтік міндет, жекелей алғанда заңгер үшін мамандық бекіткен міндет болып табылады және оны ол заңға қашан да қызмет етуі тиіс. Құқықтық белсенділікте мынадай екі деңгейді бөліп көрсетсек болады:

1. Пассивті деңгей. Мұндай деңгейде құқық субъектісі жұмысын адал атқарып отырса да бастапқы берілген әрекет шеңберінен асуға құлықты емес. Мұндай жағдайда ой еңбегі мүлдем іске қосылмайды деп айта алмаймыз, алайда ол тек сыртқы бір ынталандырумен ғана белсендіріледі.

2. Эвристикалық деңгей. Егер құқық субъектісі алдына қойылған мәселені шешуге қажетті сенімді әдісті таба отыра, өз қызметінің құрамы мен құрылысын сараптап, мақсат пен жету қажет межені салыстыруды жалғастырады. Әлбетте, мұндай әрекет өз жемісін жаңа ойлар, заңды сақтаудың жаңа ұтымды шешімдерін ортаға шығарады. Дәл осындай интеллектуалдық белсенділіктің көрінісін эвристикалық деңгей деп атаймыз. Мұндай деңгей ізкесушілер мен заңдық мамандықтың басқа да өкілдеріне тән.

3. Шығармашылық - бұл интеллектуалдық белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі. Мұнда анықталған заңдылық эвристикалық болып табылмайды, ол өз алдына жеке мәселеге айналады. Мәселеге сыртқы күш әсер етпестен, іштен шыққан мұндай деңгей, осы деңгейге ие тұлғалардың интеллектуалдық белсенділіктерінің ерекшеліктері болып табылады. Интеллектуалдық белсенділік ұғымы құқық саласында да тұлғаның ой мен ынталандыру қабілеттерін біріктіре көрсететін сипаттамасы болып табылады. Бұл деңгей заң шығарумен айналысатын адамдарға тән болып келеді [3;67].

Осылайша, құқықтық мәдениеттің түрлі деңгейі тұлғаның түрлі әлеуметтік белсенділік деңгейін көрсетеді. Оның құқықтық білімі, құқықты түсіну деңгейін меңзейді. Ұсынып отырған тұлғаның құқықтық мәдениетін жіктеу мәселесінің құрылымын басқа көздер арқылы зерттеп, зерделеуге болады. Заңи әдебиеттерде заңдық құбылыстарды тереңінен тану және игеруге байланысты басқа да деңгейлердің түрі бар болып келеді. Олар кәдімгі, кәсіби (арнайы), теориялық.

Жоғарыда берілген жіктеу белгілі бір қызығушылық тудырады рас, дегенмен, біздің көзқарасымызша, құқықтық қызметпен тікелей қатысы жоқ адамдардан да (кәдуілгі деңгей), мамандығы болып табылғандықтан қандай бір арнайы заңдық білім мен тәжірибеге ие адамдардан да (мамандандырылған деңгей), заңгер-ғалым, саяси қайраткерлерден де (теориялық деңгей) біз ұсынған құқықтық мәдениет деңгейін (төменгі, орташа, жоғарғы) бөліп көрсетуге болады. Тұлғаның құқықтық мәдениетінің құрылымы жан-жақты болып келеді. Мұнда мәселе құрылымның бірнеше кеңістігі жайында қозғалуы тиіс: бейнелеу формасы, әлеуметтік дәрежелер, мазмұны және т.б.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті қоғамның құқықтық мәдениетінен оқ бойы озық болуы мүмкін. Мұндай жағдай адамдардың прогрессивті түрде дамыған өмірі қолданыстағы құқықтық актілерде көрініс таба алмаған кезде орын алады. Тұлғаның құқықтық мәдениеті заңда белгіленген құқықтық нормадан асып түсіп, өзінше өмір сүре бастайды. Мұндай жағдайда азаматтардың құқықтық мәдениеті өмірге қоғамдық дамудың жаңа талаптарына жауап бере алатын, прогрессивті заңнаманың келуіне септік болады. Құқықтық мәдениеттің жетіліп, дамуын ынталандыратын фактіге айналады.

Құқықтық мәдениеттің мамандандырылған деңгейі құқық, юриспруденция, қоғамдық тәртіпті қорғау және құқықтық қатынастарды реттеу жүйесімен сипатталады, ал жалпылама алсақ адамгершілік, мораль, қоғамдық пікірмен сипатталады. Құқық та және мораль да адамның қоғамда өмір сүруі үшін қажет. Олар, саясат секілді, мемлекет, әлеуметтік топтар мен жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттейді, сондықтан олардың әрекеті қоғамдық өмірдің барлық маңызды салаларына қатысты болады.

Жеке тұлғаның белгілі бір даму деңгейі, адамның құқықтық мәдениеті алдымен ілгерілемелі құқықтық идеяларды және заңдарды оның қабылдауға деген дайындығында, құқықты пайдалану шеберлігі мен дағдыларында, сондай-ақ өзінің құқық туралы білімдерін бағалауда қалай көрсетіледі. Бұл жайғасымдардан жеке тұлға мәдениеті құқықтық мәдениеттік бағдарлардың болуымен сипатталады.

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениетін бағалау кезінде құқықтық құбылыстарды танудың, оларды меңгерудің деңгейін және тереңдігін есепке алу қажет. Бұл жерде құқықтық мәдениеттің тұрмыстық, кәсіби (арнайы) және теориялық деңгейлері бөлініп шығады.

Тұрмыстық деңгей адамдардың өмірінің күнделікті тіршіліктерімен олардың құқықтық құбылыстармен түйістірілу кездерімен шектелген. Көрсетілген мәдениет түрі құқықтық құбылыстардың сыртынан «тоқтатылады», оның таралымдары көп емес. Мұндай мәдениеттің көмегімен құқықтық мәдениеттің барлық тараптарын объективті ойластыруға және бағалауға болмайды. Алайда оны потенциалды ақаулық, екінші разрядты ретінде қарастыру қателік болады.

Тұрмыстық құқықтық мәдениеттің мәні келесідей, ол теориялық жинақталуы деңгейіне көтерілместен, дұрыс ойлау кезеңінде байқалады, адамдар оны күнделікті өмірде заңдық міндеттерді сақтау, субъективті құқықтарын пайдалану кезінде белсенді пайдаланады және құқықтық тәртіптің үлкен ауқымын білдіреді.

Кәсіби деңгей құқықтық әрекеттермен арнайы айналысатын тұлғаларда қалыптасады. Құқықтық ұғымдармен және құбылыстармен тікелей, күнделікті ұштастырылғанда заңгерлерде кәсіби құқықтық мәдениет ұшталады. Оларға құқықтық мәселелерді, тапсырмаларды, мақсаттарды, сондай-ақ кәсіби тәртіпті білудің және түсінудің барлығынан жоғары деңгейі тән болып табылады.

Құқықтық дәрежелердің мазмұнын және мәнін іздеу осындай құқықтық мәдениетті білетін, оның ғылыми-теориялық әрекетіне сәйкес келетін жеке тұлғаға қолжетімді келеді. Теориялық деңгейдің құқықтық мәдениеті қандай да бір басқа бағыттар туралы емес, жалпы құқықтық құбылыстардың мазмұны, сипаты және өзара әрекеті, құқықтық реттеудің жалпы механизмі туралы ғылыми білімдерді ұсынады. Ол ғалым-философтардың, әлеуметтанушылардың, заңгерлердің ұжымдық еңбегімен, тәжірибелік жұмыскерлердің қоғамдық тәжірибесімен өндіріледі.

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінде бөлінбейтін бірлікте тұрған үш категорияларды бөліп қарастыруға болады: идеялық-теориялық құқықтық ойлар, позитивті құқықтық сезімдер және құқықтық саладағы жеке тұлғаның шығармашылық әрекетшілдігі. Бірінші - бұл қолданыстағы немесе ұсынылған құқыққа, құбылыстарға, толықтай құқықтық өмірге деген көзқарастар жүйесі.

Осылайша, атап айтқанда, «әдеттегі ұғымға қарамастан, оң және теріс санкциялардың өзі тек тыйым салынған тәртіптің орындалуын және тыйым салынуын қамтамасыз ете алмайды, өйткені «ынталандыру-әрекет» сияқты тәртіп пен санкция арасындағы механикалық байланыс жоқ. Әлеуметтік шындықтың әртүрлі аспектілерін, атап айтқанда,

оның құқықтық саласын реттейтін адамның құнды-нормативтік мінез-құлқының салыстырмалы дербес сипатын, оның нақты мазмұнын, алынған құндылықтардың сипатын, нормаларын, көзқарастарын және бағдарларын ескеру қажет. Сондықтан санкциялардың тиімділігі олардың объективті сипатына (мәніне) және көбінесе олардың субъективті мағынасына байланысты.

Осыған ұқсас пікірді А.И. Экимов пен Д.И. Луковская білдірді: «Мысалы, ұрлық пен қарақшылықтың айырмашылығын ажырата білу туралы жалпы білім қажет етілмейді. Маңыздысы мына нәрсе: әрбір адам жеке, мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұрлауға немесе басқа адамның жеке басына қол сұғуға жол бермеуді анық түсінуі керек» [4;39]. Әлеуметтік қатынастарды реттеуде және құқықтық тәртіпті ынталандыруда құқықтық мәдениет заң нормаларында қамтылған тыйымдардың санынан немесе оларды бұзғаны үшін жазаның ауырлығынан әлдеқайда үлкен рөл атқарады.

Көп жағдайда құқықтық тәртіп үшін адамның әлеуметтік құндылықтарды және жалпы құқықтық принциптерді игеруі жеткілікті.

Әлеуметтік тәртіпті реттеуде құқықтық мәдениеттің маңызды рөлін бағалай отырып, әлеуметтік қиыншылықтарға қарсы тұрудағы оның рөлін атап өткен жөн. Мысалы, қылмыстың деңгейін төмендетуге ұмтылсақ, бірінші кезекте, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтеру, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды құрметтеуге үйрену қажеттілігі туралы қорытынды жасалады. Қылмыстылыққа қарсы күрес әдісі ретінде қатаң жазалаудың жақтастары күшейе түсті. Бұл әдістің ғылыми негізі жоқ екенін тағы бір растау жоғарыда келтірілген пікірлерде айтылған. Сонымен қатар, субъективті құқықтар үшін күресте құқықтық мәдениеттің рөлін атап өту маңызды. Жеке тұлғаның жоғары құқықтық мәдениеті азаматтардың субъективтік құқықтарын бұзуды қоса алғанда, жалпы заңдар мен тәртіп бұзушылықтарға төзбеушілікті туғызады.

Осылайша, құқықтық мәдениет құқықтық құндылықтарды жинақтау сондай-ақ құқықтық құндылықтарды субъективтеу арқылы, өздігінен, заң нормаларымен қатар, әлеуметтік қатынастардың маңызды реттеушісі болып табылады.

Құқықтық мәдениет шынайы өмірде бір мезгілде бірнеше мәндік атқарымдарды орындайды – олар: танымдық-түрлендіруші, дұрыс реттеу, құндылықтық-нормативтік, құқықтық-әлеуметтік, коммуникативтік және болжамдық.

Танымдық-түрлендіруші атқарым құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды құрастыру бойынша теориялық және ұйымдастырушылық әрекетпен байланысты. Ол қоғамдық, топтық және жеке қызығушылықтарын келісу бойынша көмек беруге, адамды қоғамдық дамытудың ортасына қоюға, оған лайықты өмір мен еңбек жағдайларын жасауға, әлеуметтік әділеттілікті, саясаттық еркіндікті, жан жақты даму мүмкіндігін қамтамасыз етуге шақырылған. Бұл атқарым шындылық және тәртіптілік, ақкөңілділік және рақымшылық, моральдық өзін-өзі бақылау және намыстылық, адамгершілік қасиеттер және таңдау еркіндігі сияқты жалпы адамдық құндылықтардың құқықтық және құлықтылық кепілдемелерін жасаумен байланысты.

Дұрыс реттеу қызметі құқықтық жүйенің барлық элементтерін тұрақты, үйлесімді, қозғалыстың, сондай-ақ толықтай қоғамның да тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқықтық мәдениет адамдардың әлеуметтік ұжымдасуын қамтамасыз ете алады. Ол азаматтар арасындағы құқықтық қатынастарды жүзеге асыруға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, сондай-ақ заң саласындағы олардың өзара қарым қатынастарын реттеуге мүмкіндік береді.

Реттеушілік әрекет құқықтық және басқа әлеуметтік нормалар арқылы жүзеге асырылады. Осы қызметтің арқасында құқықтық мәдениет әлеуметтік ұмтылыстардың және идеалдардың бағынуын, азаматтардың құқықтарының және міндеттерінің өзара қарым қатынастарын қамтамасыз етеді, осы қатынастарға тәртіптілік элементін енгізеді.

Құқықтық мәдениеттің құндылықтық-нормативтік атқарымы аксиологиялық сипаттамалар жүйесі арқылы білдіріледі. Ол қолданыстағы жеке тұлғалардың және адам

қылықтарының, әлеуметтік институттардың түсініктерінде көрсетіле тұра құнды маңызға ие болып, әртүрлі жағдайларда байқалады. Осыған сүйене отырып, құқықтық нормалар, қоғамның құқықтық мәдениетінің басқа құраушылары бағалау объектілері ретінде білдіріледі.

Көрсетілген қызметтер құқықтың нормаларымен қарастырылған қоршаған құқықтық шындықты өзгертуге, тәртіп эталондарына және үлгілеріне бағытталған, жеке тұлғаның нәтижені және оның әрекеттерінің мақсаттарын бағалау қарым қатынастарын зерттеу кезінде де білдіріледі. Құқықтық мәдениеттегі бағалау әрекеті тиісінше құқықтық құндылықтармен орналастыру жолы арқылы құқықтық реттеу механизмінің, құқықтық қатынастардың, құқықтық тәртіптің, заңдылықтың өлшеуінен тұрады. Бұл заңнаманың, нақты құқықтық нормалардың, азаматтар тәртібінің, құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықпен жүресімен әрекеттерінің барлық жиынтығын бағалау.

Әрине, бұл үрдіске құқықтық әрекетшілдік қатты әсер етеді. Сонымен бірге мақсатты құқықтық тәрбиелейтін жұмыстар қажет, тұрғындарды жаппай заңгерлік оқытуды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар маңызды, оларға заңдық көмек көрсету, жеке тұлғаның өзін өзі тәрбиелеу үрдістерін жандандыру маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Макаренко А.С. Лекции о воспитании детей / Собр. соч. В 7 т. – М., 1957. – С. 361-367.

2 Айдарбекова Г.Б. Функциональная характеристика правовой культуры общества и правосознания в теории права // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2011. – №4(60). – С. 36-39.

3 Дыжова А.А. Современное образование как источник повышения правовой культуры молодежи / 4-я Международная научно-методическая конференция «Перспективы развития высшей школы», УО «Гродненский государственный аграрный университет». – Гродно, 2016. – С. 67-70.

4 Экимов А.И., Луковская Д.И. Современные подходы юристов к вопросу соотношения дефиниций «правовая культура», «правовое воспитание», «правовое образование» // Основы государства и права. – 2014. – № 6. – С. 55-74.

Иманжан А.

*ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының магистранты,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
(Ғылыми жетекші - Бирманова А.И., Phd докторы, қауымдастырылған профессор
ҚарУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы)*

МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ: ҚҰРЫЛЫМЫ, МАЗМҰНЫ

Мемлекет қоғамдық істерді басқару органы бола отырып, әр түрлі қызметті жүзеге асырады. Онда экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени және басқа да қатынастар мен тенденциялар жүзеге асырылады. Мемлекет қызметінің негізгі бағыттары мемлекет функциясы деп аталады. Мемлекет функциясы оның ел ішінде де, халықаралық аренадағы тұрақтанған пәндік - тәжірибелік қызметін сипаттайды. Мемлекеттің атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын әлеуметтік, саяси, экономикалық және өзге себептерге өмірлік қажеттілік ретінде қарастырылады. Қандай да функцияны атқару қоғам үшін де, мемлекет үшін де кейбір қиындықтарды туғызады. Барлық мемлекеттер үшін елдің қорғаныс қабілеттілік функциясын тұрақтандыруға, басқа мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатуға тырысады. Осы функцияны дұрыс орындамаған жағдайда мемлекет елді басқару құқығынан толық немесе уақытша айырылуы мүмкін.